

21 Ақпан  
Сейсенбі,  
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# «АУЫЛ АМАНАТЫ» АУЫЛ ЖАСТАРЫНА ЖАҢА МҮМКІНДІК

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ДАРЖІГІТ ҒАЛЕЛҰЛЫ, АҚНҰР КӨЗДІБАЙ, НҰР-СҰЛТАН ҚАЛДЫБАЙ ОЙЫЛ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНДЕ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРЫП, ТАБЫСЫН МОЛАЙТУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫМЕН, ЖАСТАР ҮШІН ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕЛЕР АЛУ ЖОЛДАРЫН АЙТЫП, ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.



Сондай-ақ кәсіп ашудың қыр-сырына тоқталып, жастарға бизнес жоспар дайындау керектігін жеткізді. Кездесуден соң мамандар аудан әкімі Асқар Қазыбаевтің қабылдауында болды. Ойыл ауданындағы «Ауыл аманаты» жобасының жүргізілу барысы туралы сұхбаттасып, аудан әкімімен ортақ меморандумға отырды. Әкімдіктің қолдауымен ашылған фронт-офис жанынан аудан жастары үшін қордың жұмысын үйлестіріп, аудан жастарын мейлінше көбірек ақпараттандыру мақсатында маман тағайындауға

шешім қабылдады. Сондай-ақ, жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізғаринамен де ортақ меморандумға отырды. «Ауыл аманаты» жобасына тоқтала кетсек, жобаның негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ауыл жастарын аграрлық кәсіпке барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу болып табылады.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаражат беру тетігі барынша

жеңілдетілген. Жобаның тұрғындар үшін ең ұтымды тұсы - олар алдағы уақытта үйлерін көпідікке қойып, 2,5 пайызбен жеңілдетілген несиені ала алады. Бұл - ел тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға.

Несие мал, құс пен өсімдік шаруашылығын дамытуға, кооперативтерді жабдықтауға және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу бағытында шағын кәсіпкерлік ашуға бағдарланған. Несиенің шекті көлемі - 2,5 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (7 657 500 тг), кооперацияларды

дамытуға - 8 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (24 504 000 тг). Мерзімі - 5 жылға дейін, мал шаруашылығы жобаларына 7 жылға дейін беріледі. Несиені алу үшін көпіл қою және жеке кәсіпкер ретінде тіркелу міндетті. Айтпақшы, «Ауыл аманатына» қатысушылар жеке қосалқы шаруашылықтар ретінде кооперативтердің құрамына кіреді. Бұл ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 50 пайызға дейін субсидия алуға, өнімді қайта өңдеу және өткізу процестерін жүйелеуге мүмкіндік береді.

## КӘСІПТІҢ КӨЗІ - АУЫЛДА "АУЫЛ АМАНАТЫ" - ОҒАН ЖОЛ АШАДЫ



Өткен аптада Ойыл аграрлық колледжінде "Атамекен" кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасулан Ержановтың бастамасымен Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізғарина, Ойыл аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мұбарактар меморандумның аясында Ойыл аграрлық колледжінің студенттерімен кездесіп, облысымызда жүзеге асып жатқан "Ауыл аманаты" бағдарламасы жөнінде және басқа да жастар үшін жеңіл-

детілген несиелер алу жолдарын айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ кәсіп ашудың қыр-сырына тоқталып, тың идеялар мен бизнес жоспар дайындау керектігін жеткізді.

**P.S. Кездесуді қорытындылаған колледж директоры Серік Займолдин студенттерге кәсіптің көзін тауып, еңбекке қазірден араласу керектігін баса айтты. Ойыл ауданында аграрлық бағытты дамыту, ауданның экономикасына өзгеріс беретінін жеткізді.**

## ТАРИХ ҚОРЖЫНЫНДАҒЫ - АУҒАН ТАҒДЫРЫ



Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына биыл 34 жыл толды. Осыған орай «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы мен аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Тарих қоржынындағы - Ауған тағдыры» атты ауған соғысының ардагерімен STAND-UP кездесу өтті. Онда алдымен көпшілік назарына Ауған соғысының суық лебі ескен Ауған даласы жайлы бейнебаян көрсетіліп, бабалар ерлігінен кеудемізге кернеген рух ұялады. Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев жүргізген кеште ажал оғының қақ ортасынан аман-сау елге оралған Ауған соғысының

ардагері Ермек Сұлтанов зулмат жылдардан, соғыстың ауыртпалығынан асықпай, салмақты сөздерімен сыр шертті. Кейінгі ұрпақты елдің, жердің байлығын өзіміз игеру жолында аянбай тер төгуге, жата беруге болмайтынын байсалды үнімен отансүйгіштікке үндеп, қазақ жастарын үздіксіз оқып, білім алуға, білікті маман болуға шақырды. Кеш кезінде аудан өнерпаздары патриоттық өндерін тарту етсе, оқушылар әскери-спорттық жаттығулар көрсетті. Кеш соңында ауған соғысының ардагерімен естелік сыйлық, Алғыс хат табысталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

# «ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ» ҚОҒАМНЫҢ ДА ҮЛЕСІ БОЛУЫ ТИІС!

Қандай да мемлекеттің және оның қандай да болмасын саласының нәтижелі дамуы үшін оны басқарудағы қабылданған Заңдар мен оларды іске асыру тетіктері дұрыс болуы қажет. Сонымен қатар, Заңдардың уақытылы қабылданып, уақытында іске асырылуы да өте маңызды. Өйткені, уақыт пен әрекет сәйкес келмесе нәтиже дұрыс болмайтыны белгілі. Мысалы, денсаулық сақтау саласы бойынша әлемдегі ең тиімді жүйе - сақтандыру медицинасы, біздің елімізде уақытынан бұрын, әсіресе халықтың оған дайын болмауына қарамастан 1996-1997 жылдары енгізіліп, нәтижесіз болғаны бәріміздің есімізде. Енді, өткен 2020 жылдан денсаулық сақтау саласындағы медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында кеш те болса қайтадан енгізіле бастады.

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы VIII бөлімді негізге алып қабылданған Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және

өзін-өзі басқару туралы» Заңы да нәтижелі мақсаттарға жету үшін көптеген өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады. Өлі де өзгерістер енгізіледі, оның күәсі қазіргі уақыттың өзінде өзін-өзі басқаруға үлкен мән беріліп, оған бөлек Заң жобасы әзірленіп, қабылдау сатысында тұр. Бұл Заң жобасында, ауылдық округ тұрғындарына жергілікті биліктің жұмысына тікелей араласу құқығы беріледі. Ауылдық округ тұрғындары аумақтық Кеңестер құру арқылы округтің күрделі мәселелерін шешуге толық ықпал ету құқырына ие болады. Мысалы, ең маңызды деген ауылдық округ бюджеттерін аудандық әкімдік пен мәслихатқа тәуелсіз, осы аумақтық Кеңеспен бекіту мүмкіндіктерін алады. Сонымен қатар, осы Заң жобасында тағы басқа да електен өткізілген тиімді өзгерістер қарастырылған. Қай Заң болса да қабылдау сәтінде дұрыс болғанымен оны іске асыру сәтінде қиындықтар туындайды. Соның бір дәлелі, мәслихаттардың құрамында болған тексеру комиссиялары, мәслихаттарда квалификациялық мамандардың бол-

мауына және басқа да мәселелерге байланысты Заңға өзгеріс енгізіліп, мәслихаттардан бөлектеніп, дербес мемлекеттік орган болып құрылды. Енді Заңның өзіне келетін болсақ, жергілікті басқару екі бөлек құрылымдардан тұрады. Біріншісі мемлекеттік басқару - өкілді органдар (мәслихаттар) және атқарушы органдар (әкімдіктер), екіншісі өзін-өзі басқару - Қоғамдастық жиын, Қоғамдастық жиналыс және Қоғамдық кеңестер. Жергілікті жердің әлеу-эзін-өзі басқару органдарының яғни, Қоғамдастық жиналыс пен Қоғамдық кеңестің атсалысуы өте төмен. Қоғамдық кеңестің жұмысына тиісті құзырлар беру мақсатында 2015 жылдың 2 қарашасында «Қоғамдық кеңестер

туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заңда еліміздің әрбір саналы азаматына мемлекеттік басқаруды қоғамдық бақылауға қатысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасауға толық мүмкіндіктер берілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясының 33-бабында «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар» - делінген.

Қазіргі кезде, менің байқауымша, Заңдарды іске асыруда өзін-өзі басқару органдарында келісіп бірге жұмыс жасаудан гөрі, бір-бірімен санаспай өз беттерімен жұмыс жасау көбірек әдет алып кеткен сияқты.

Мұның соңы жақсы нәтижелерге апармайды. Көпшілік Заңдар тікелей орындауға жатпайды, олар сапалы жасалған Заңға тәуелді актілер

арқылы жүзеге асырылады. Осы жерде атқарушы орган мен өкілді органның нағыз шеберліктері керек. Заңға тәуелді актілер жан-жақты қарастырылып қалғанда ғана елімізде нағыз тәртіп және нәтижелі жұмыстар болады. Бұл жерде Заңға тәуелді актіні әзірлейтін атқарушы орган болса, бекітетін өкілді орган, ал келісім беретін Қоғамдық Кеңес болып табылады. Мысалы, мәслихаттар арқылы қабылданатын көпшілік Қағидалар азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қабылданады және оларға белгілі бір міндеттер жүктейді. Тақырыпта аталған Заңның 7-бабында «Мәслихаттың өз құзыреті шегінде және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қабылдаған шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ресми жариялануға тиіс және ол тиісті аумақта орындалуға міндетті» - делінген. Бұл бап біздерге, елді мекен тұрғындарының бәріне, жарияланған тиісті шешіммен уақытында танысып, осы шешімде

(Қағидада) белгіленген талаптарға бағын деп тұр. Тұрасын айтсақ, көшміздегі жасыл өкпелердің дұрыс егілмеуі, көше атаулары мен үйлердің реттік санының өзін-өзі құриды» - деген ұлағатты ұғым бар. Сондықтан, ең бастысы еліміздегі қабылданатын Заңдарымыз дұрыс болсын және бәріміз қабылданған Заңдардан хабардар болып, олардың орындалуларына аса жауапкершілікпен қарайық.

**М.ДОСОВ,**  
аудандық мәслихаттың аппарат басшысы.



## ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ТҮСКЕН ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ (18 ҚАҢТАРДАН 3 АҚПАҢҒА ДЕЙІН)

| № | Ұсыныстар/ескертулер                                             | Орындау мерзімі      | Жауапты (Т.А.Ө. ММ басшысы, а.о. өкімі) | Бақылаушы (Т.А.Ө. аудан өкімі орынбасары) |
|---|------------------------------------------------------------------|----------------------|-----------------------------------------|-------------------------------------------|
| 1 | Ойыл селосындағы Сәтпаев көшесіне қосымша жарық шамдарын орнату. | 2023 ж. аяғына дейін | С.Даулетқалиев                          | М.Айдарбаев                               |
| 2 | Екпетал ауылының кіреберіс жолына орташа жөндеу жүргізу.         | 2023 ж. аяғына дейін | С.Даулетқалиев                          | М.Айдарбаев                               |
| 3 | Ақжар ауылының кіреберіс жолын жарықтандыру.                     | 2023 ж. аяғына дейін | Ы.Қосдаулетов                           | М.Айдарбаев                               |
| 4 | Сарбие ауылының кіреберіс жолын жарықтандыру.                    | 2023 ж. аяғына дейін | Д.Бисебаев                              | М.Айдарбаев                               |
| 5 | Құмжарған ауылына кіреберіс жолына орташа жөндеу жүргізу.        | 2023 ж. аяғына дейін | Н.Шауменов                              | М.Айдарбаев                               |
| 6 | Кемер ауылының кіреберіс жолына орташа жөндеу жүргізу.           | 2023 ж. аяғына дейін | М.Тәжіғалиев                            | М.Айдарбаев                               |

## ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР АРБАУДЫҢ ТҮРЛІ ЖОЛЫН МЕҢГЕРГЕН!



Бүгінгі таңда алаяқтықтың ең көп таралып жатқан қауіпті түрі – ол интернет желісі арқылы жасалатын алаяқтық қылмыс. Интернет желісіндегі алаяқтар өз қылмыстық ойын жүзеге асыру үшін әлеуметтік желілерді кең пайдаланып отыр. Алаяқтардың арбауына кез келген адам түсіп қалуы ықтимал, себебі интернет байланыстың ар жағындағы адамның ақ-қарасын ажырату өте қиын. Күннен күнге интернеттің мүмкіндігі артқан сайын алаяқтардың жаңа әдіс-тәсілдері өзгеріп отыр. Интернет пайдаланушысын алдау арқылы оңай жолмен ақшалы болудың ең көп таралған орны барлығының пайдалануындағы Instagram, Telegram, WhatsApp, әлеуметтік желілері және OLX.kz, Kolesa жарнама сервистері болып отыр. Көбінесе алаяқтар әлеуметтік желілерде жалған хабарландырулар орналастырады немесе сіздің орналастырған жарнамаңыз бойынша сатып алушы ретінде хабарласып, жеткізу қызметі арқылы тауарды салып жіберуіңізді, ол үшін белгісіз сайтқа өтіп, банк картаңыздың деректерін жазуыңызды сұрайды. Одан басқа, азаматтардың құжаттарының көшірмелерін пайдаланған интернет алаяқтар құрбандарының атынан онлайн-несие рәсімдеп, қарапайым халықты алдап қарызға батыруда. Мәселен: банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде өзін таныстырып, аталған азаматтың шотына белгісіз адамдардың қол сұғып жатырғандығын, оны алдын алу бойынша немесе тоқтату үшін телефон арқылы әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде құрбандарына жеке шот нөмірін, ұялы телефонға келген құпия сөзді айтқызып, ақша қаражаты болмаған жағдайда, несие алуды сұрап ақша қаражаттарын иемденіп кетуде. Одан басқа, кейбір интернет бағдарламаларды смартфоньыңа не компьютеріңізге орнатқан жағдайда олардың қаншалықты қауіпсіз екендігіне кез-жәтізген абзал. Кейбір бағдарлама арқылы, алаяқтар кез келген адамның банктік шоттарына оңай кіріп, әртүрлі операциялар жасау

арқылы азаматтардың шоттарындағы қаражаттарын шешіп алатыны анықталып жатыр. Қылмыскерлер уақыт талабынан қалыспай, азаматтардың ақшалай қаражатын жымқырудың түрлі әдіс-тәсілдерін шығаруда. Соның бірі, қазіргі таңда жиі кездесетіні, Қазақстандық ұлттық компаниялар мен банктердің түрлі инвестициялық жобаларын таныстыратын жалған жарияланым бойынша қаражатты көбейтуге болатынын жеткізіп, азаматтардың сенімін теріс пайдалану арқылы алдау. Басқа мысал, алаяқтар өздерін инвестициялық брокер ретінде таныстырып, жалған кірісті уәде ету арқылы түрлі акцияларға, облигацияларға, криптовалюталарға және басқа қаржы құралдарына инвестиция салуға шақырады. Соңғы кезде,азаматтар жиі қолданатын «Kaspi Red» төлем жүйесіндегі қаражатты қолма-қол ақшаға айырбастау туралы жалған жарнамаларға сеніп, қаражатын айырбастауға төлем жасап, артында қызмет көрсетіп отырған тараптан жауап болмай, алаяқтардың арбауына түсіп жатқандар көп кездеседі. Сонымен қатар, алаяқтар азаматтардың банк қосымшаларына коммуналдық қызметтер, салық және т.б. қызметтерге төлем жасау қажеттігі туралы жалған хабарламаларды жолдау арқылы олардың қаражаттарын иемденіп, ойларын іске асырып отыр. Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: жеке мәліметтеріңізді, банк карталарының сандарын, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламау, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар, хабарламалар арқылы алдын ала төлем жүргізеу, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмау, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпау, танис емес нөмірден келген кез келген сілтеме бойынша өтпеу, тек ресми дереккөздеріне сену. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғап жүре алады.

Ойыл ауданы прокуратурасы

## ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ – ШЕКТЕУГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ

Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті бекітуде әйелдердің рөлі ерекше. Қазақ қоғамында әйел баласына, анаға ерекше қамқорлық пен құрмет көрсетіледі. Әйел теңдігі, оның қоғамдағы орны қай кезеңде де басты мәселе болып қала бермек. Гендер - бұл біздің бірегейлігіміздің негізгі факторы, өз-өзімізді сырттай қалай көреміз, айналамыз бізге қалай қарайды және айналадағы адамдардың қалай қарағаны бізге ұнайды, осының барлығы дерлік бізге қатты әсер етеді. Гендер - әйелдер мен қыздардан, ерлер мен ұлдардан олардан өмір бойы күтілетін міндеттер мен жауапкершілікті анықтайды, және де олар тап болуы мүмкін белгілі бір кедергілерді, сондай-ақ олар пайдалана алатын артықшылықтарды белгілейді. Гендер тұжырымдамасының негізгі идеясы айырмашылықтарды жойып, теңдікті қалыптастыруға бағытталмайды, ол өз жынысының төбесі мен қабырғасы шеңберінде жеке тұлғаның дамуын шектейтін кедергілерді жоюға бағытталған. Ал, гендерлік саясат-қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуіне бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Гендерлік саясат дегенде адамдардың түсінігі әртүрлі. Гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі. Елімізде демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің рөлі айрықша. Балалардың туылуы, олардың тәрбиесі, нәзік жандылардың мойнында. Әйел отбасы құндылықтарының мүддесін қорғайды. Гендрлік теңдік – қай жынысқа жататынына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін және саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмір салаларына қатысуға нақты қолжетімділігін қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе. Гендрлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын, отбасы мүшелерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік – тәрбиелік, қорғаушылық, тепе-теңдігі мен нәтижелілігі жоғары болады. Дегенмен әйел теңдігі, оның қоғамдағы орны қай кезеңде де басты мәселе болып қала бермек.

Г.ТАНКИЕВА,  
Ойыл аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті облыс тұрғындары!

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссиясы 1920-1950 жылдар аралығында қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың ұрпақтарынан естелік-өңгімелер мен мәліметтерді, құжаттар мен фотоларды жинақтауда. Сапалы жазылған естеліктер мен материалдар редакциялық алқаның ұйғарымымен саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы естеліктер кітабына енгізілетін болады. Ақпарат келесі өлшемдерге сәйкес болғаны жөн: мәтіннің тақырыпқа сәйкес келуі, публицистикалық стильде баяндалуы, тақырып ішіндегі оқиғалардың логикалық байланыстылығы мен бірізділігі, адамның аты-жөні, географиясы, мекеме немесе тағы да басқа қосымша деректерді көрсете отырып беріледі.

Осыған байланысты, сапалы жазылған материалдарды [aktobesqs21@mail.ru](mailto:aktobesqs21@mail.ru) электронды почтасына жолдауға болады.**Жобалық кеңсенің мекен-жайы: Сеңкібай батыр даңғылы 20а, 101 кабинет, тел.: 55-80-17, 8747 5463595.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители области!

Региональная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий собирает памятные истории и сведения, документы и фотографии поколений, репрессированных в период с 1920 по 1950 годы. Качественно написанные воспоминания и материалы согласно решения редакционной коллегии будут внесены в книгу воспоминаний о жертвах политических репрессий. Информация должна соответствовать следующим требованиям: соответствие текста теме, изложение в публицистическом стиле, логическая связность и последовательность событийной тематике, указание имени человека, географии, учреждения или других дополнительных данных. Качественно написанные материалы можно отправить на электронную почту [aktobesqs21@mail.ru](mailto:aktobesqs21@mail.ru). Адрес проектного офиса: проспект Санжыбай батыра 20а, кабинет 101, тел.: 55-80-17, 8747 5463595.

## СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ ЖҰҚПАПЫ АУРУЛАРДЫҢ АПДЫН-АПУ МАҚСАТЫНДА ЖАЛПЫҚА БЕРІПЕТІН ҰСЫНЫС

Су тасқыны үйлерді, шаруашылық фермаларды су басуымен мүліктердің жарамсыз болуымен ғана қауіпті емес, сонымен қатар дизентерия, іш тифі, А және В паратифі, тырысқақ, ротавирусты инфекциялар сияқты ішек инфекцияларының қолайсыз эпидемиялық жағдайларының өршуіне де әкеліп соқтырады. Су тасқыны кезінде құдықтар мен ұңғымалардағы сулар дәретханалар мен қазылған шұңқырлардағы тастандылармен ластанады. Көптеген ауруларды тасымалдайтын кеміргештер су тасқынынан сақтану мақсатында тұрғын үйлер мен ғимараттарға енуінен адамдардың инфекциялық және паразитарлық ауруларды жұқтыру қауіпі ұлғаяды. Су тасқыны кезінде инфекциялық және паразитарлық аурулардан сақтану үшін қарапайым, әрі тиімді қағидаларды ұстану керек, олар:

- аула мен тұрғын бөлмелерді тазалықта ұстау;

- ауыз суына тек қайынатылған немесе бөтелденген суды пайдалану;

- қазылған шұңқырлардағы тастандыларды уақытылы тазарту;

- жеке бас гигиенасын сақтау, әсіресе кішкентай балалардың

Ойыл аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы

## БЖЗҚ ӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУДЕ QR-КОДТЫ АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ҚОЛДАНДЫ



Енді зейнетақы төлемдерін тағайындау және деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы өтініш берген кезде өтінішке QR-кодтың көмегімен қол қоюға болады. Естеріңізге сала кетейік, мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектікке байланысты БЖЗҚ-ға төлемдерді, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алуға өтініш беріледі. Бұрын мұны БЖЗҚ кеңселерінде немесе епрф.кз сайтындағы Жеке кабинетте электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жасауға болатын. Енді ЭЦҚ-ны QR-кодпен қол қоюға ауыстыра аласыз. Сондай-ақ, QR-код епрф.кз сайтындағы Жеке кабинетте өз деректеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде

## ЕНПФ ОДНИМ ИЗ ПЕРВЫХ ПРИМЕНИЛ QR-КОД ПРИ ОКАЗАНИИ СВОИХ УСЛУГ

Теперь при подаче заявления о назначении пенсионных выплат и внесении изменений и (или) дополнений в реквизиты заявления можно подписатьпри помощи QR-кода. Напомним, что в ЕНПФ подаются заявления на получение выплат в связи с инвалидностью 1 или 2 группы, установленных бесспорно, а также выплата за счет добровольных пенсионных взносов. Раньше сделать это можно было в офисе ЕНПФ или в личном кабинете на сайте епрф.кз посредством электронной цифровой подписи. Теперь ЭЦП можно заменить подписанием QR-кодом. Также QR-код поможет при внесении изменений и (или) дополнений в свои данные Личном кабинете на сайте епрф.кз.

Для этого необходимо зайти в Личный кабинет на сайте епрф.кз, где при выборе указанных услуг доступна кнопка «Подписать с QR». Данный способ подписания реализован на основе интеграции с eGovmobile, поэтому пользователь должен установить данное приложение на свой мобильный телефон и авторизо-

ваться в нем.После нажатия на кнопку «Подписать с QR» генерируется QR-код, который содержит ссылку на сервер Фонда. Данный QR-код необходимо отсканировать с помощью мобильного приложения eGovmobile, в правом верхнем углу которого есть иконка для считывания QR-кодов. После сканирования QR-кода открывается окно с отображением документа, который подписывается. Далее, нажав на кнопку «Подписать», пользователю нужно завершить подписание документа.

В результате должно выйти сообщение «Подписание успешно»: реквизиты будут изменены, а заявление о назначении пенсионной выплаты можно посмотреть в разделе «Мои заявления».

Пока с помощью QR-кода можно выполнить две востребованные операции в Личном кабинете на сайте епрф.кз. ЕНПФ продолжает работу над расширением линейки цифровых услуг, получить которые возможно получить таким способом.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»



2023 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

**Тұрғын үйге**  
2023 жылдың қаңтар айында қазақстандықтардың уәкілетті оператор-банктерде ашылған арнайы шоттарына тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін БЖЗҚ-дан 7,1 млрд. теңгеден астам зейнетақы жинақтары аударылды. Осылайша салымшылардың (алушылардың) 3 061 өтініші орындалды. Біржолғы зейнетақы төлемінің орташа сомасы 2,3 млн. теңгені құрады. Салыстыру үшін, 2022 жылдың қаңтар айында БЖЗҚ жалпы сомасы шамамен 76,2 млрд. теңгеге тұрғын үй жағдайларын жақсартуға 50 060 өтінішті орындап, мақсатты пайдалануға алынған қаржының орташа сомасы шамамен 1,5 млн. теңге болды. Екі жыл ішінде (2021 жылғы қаңтардан бастап) 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ 1 348 461 өтінішті орындады. Мерзімінен бұрын алу сомасы 3,2 трлн. теңгеге жақын. Бұл ретте бір өтініш бойынша алынған орташа сома кезең ішінде шамамен 2,4 млн. теңге. [www.enprf.kz](http://www.enprf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде салымшылардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсаттарға пайдаланғаны/пайдалануды жоспарлайтыны туралы өгжей-тегжейлі ақпарат әр жұмыс күні жаңартылып отырады. Мұндай ақпарат өңірлер бөлінісінде де берілген («Мақсаттар бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» және тиісінше «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» шағын бөлімшелері). Көбінесе (барлық орындалған өтініштердің 35,7% немесе аударылған сомалардың 64,3%) - бұл азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) және жеке (меншігінде жер учаскесі болған жағдайда) тұрғын үй салу. Өтініштердің шамамен 21% (аударылған сомалардың 8,2%) - одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымды толықтыру үшін берілген. Өтініштердің шамамен дәл осындай саны (20,87%) салымшылардың (алушылардың)

зейнетақы жинақтарын тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша пайдалануы мақсатында жолданған. Бұған аударылған біржолғы төлемдердің шамамен 13% жіберілді. Өтініштердің шамамен 20% (біржолғы төлемдердің 12%) ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалану – бастапқы жарнадан бастап қайта қаржыландыру және толық өтеу мақсатында орындалды. БЖЗҚ орындаған өтініштер бойынша статистикаға назар аударамыз. Уәкілетті операторлар тарапынан қазақстандықтардың мақсаттары өзгеруі не қаражат салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарына қайта оралуы мүмкін. Өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша заңнамада белгіленген мерзімде біржолғы зейнетақы төлемдерінің пайдаланылмауына байланысты уәкілетті операторлардан ЖЗШ-ға 462,7 млрд. теңге қайтарылды. Оның ішінде 2023 жылдың қаңтарында 2,27 млрд. теңге Қордағы жеке шоттарға оралған.

**Емделуге**  
2021 жылғы қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ жалпы сомасы 322,2 млрд. теңгеге емдеуге 404 512 өтінішті орындады. Емделуге алынған қаражаттың орташа сомасы шамамен 0,8 млн. теңге. Бұл ретте 2023 жылғы қаңтарда 3,2 млрд. теңгеге 2 537 өтініш орындалды. 2023 жылғы қаңтарда емделуге алынған қаражаттың орташа сомасы шамамен 1,3 млн. теңге. Сонымен қатар, салымшылардың (алушылардың) ҚордағыЖЗШ-на уәкілетті оператордан ("Отбасы банк "тұрғын үй құрылыс жинақ банкі"АҚ) 32,5 млрд теңге қайтарылды. Бұл қаражат өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша заңнамада белгіленген мерзімде пайдаланылмаған. Зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану жөніндегі өзекті статистикамен [www.enprf.kz](http://www.enprf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» – «Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері» бөлімінен танысуға болады.

**Жеке басқаруға**  
Инвестициялық портфельді

басқарушыларға (ИПБ) 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша бүкіл кезең ішінде 5 933 өтініш негізінде 8,8 млрд. теңге аударылған. Бірегей өтініш берушілердің жалпы саны 3405 адам. Бұл жинақтарының бір бөлігін бірнеше басқарушы компанияларға беруге шешім қабылдаған салымшылардың бар екендігінің айғағы. Аударымның орташа сомасы – шамамен 1,5 млн. теңге. Бұл ретте ИПБ басқаруындағы қаражаттың жалпы көлемі инвестициялық табысты ескергенде, шамамен 9,5 млрд. теңгеге жетті. 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша нарықта бес ИПБ жұмыс істеуде: "Jusan invest" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Halyk Global Markets" АҚ, "Halyk Finance"АҚ. Олар туралы ақпаратпен, инвестициялық декларацияларымен танысу үшін [enprf.kz](http://enprf.kz) сайтындағы "Қызметтер" - "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөліміне кірсеңіз жеткілікті. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша егжей-тегжейлі статистика [enprf.kz](http://enprf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» - «Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру» бөлімінде жарияланған. Зейнетақы активтерін ИПБ сенімгерлік басқаруына бастапқы бергеннен кейін салымшы БЖЗҚ-ға өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екінші ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға беруге жылына тек бір рет өтініш беруге құқылы. 50 өтініш беруші осы құқықты пайдаланды: 70 өтініш бойынша БЖЗҚ бір ИПБ-дан екіншісіне жалпы сомасы 176 млн. теңгеге ауыстыруды жүзеге асырды. Естеріңізге сала кетсек, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылдың 3 ақпанындағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға сәйкес, ИПБ инвестициялық басқаруды жүзеге асы-

рғаны үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5% аспауы тиіс. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ-ның басқарушы органы бекітеді және ол жылына бір рет қана өзгеруі мүмкін. 2023 жылға ИПБ комиссиялық сыйақысы туралы ақпарат [enprf.kz](http://enprf.kz) сайтында «Қызметтер» - «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізбесі» бөлімінде орналастырылған. Сондай-ақ, салымшылардың БЖЗҚ-ға ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш беруге құқығы бар. Бірақ зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруына бастапқы бергеннен кейін тек екі жыл өткен соң ғана жүзеге асыра алады. Зейнетақы жинақтарын аудару 2021 жылдың ақпанында басталғандықтан, бұл мерзім әлі аяқталған жоқ. Өзірге 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ статистикасы зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 33 млн. теңгеге сенімгерлік басқаруға автоматты түрде қайтару болғанын тіркеді. Автоқайтарудың себептері зейнеткерлік жасқа толу, салымшының қайтыс болуы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кету болып табылады. Салымшы зейнет жасына толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады. Зейнетақы жинақтары ИПБ-ның басқаруына аударылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ететін кепілдігімен алмастырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып, есептеледі.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

АҚПАН

Ашық күн сәл-пәл ызғарлы  
Бір сәтте мүлде өзгерді,  
Қыраулы қыстың мұз, қарлы  
Бораны бұрқап тез келді.  
Ақтүтек боран ұйытқыған  
Қара жер төсін жапқанда,  
Көрсетіп аяз қаһарын  
Танытты көрін ақпанда.  
Көптен қыс барын ұмытқан  
Ескертіп елге жатқандай  
Бейқамдық қылған шаруаға  
Шым байға өбден батқандай.  
Қара суық ызғарлы  
Созылса ұзақ жұт болар,  
Күн райы түзелсе  
Қыс өтер, елге құт қонар.  
Қариялар солай болжаған

Қатерлі ай деп ақпаннан,  
Жалғасар қарлы бораны  
Қаһарынан сақтанған.  
Аппақ қарға оранған  
Жер-Ана тыным тапқандай  
Тал, терек жалт-жұлт мүлгиді  
Ақ күміс сырға таққандай.  
Ақпан да өтер, жуасып,  
Наурыз мезгіл жеткенде,  
Сай-сала жылға ұласып,  
Күн шуағын төккенде.  
Ашулы ақпан ақырмай  
Тып-тыныш ғана өтсінші,  
Қыраулы қыс та ығысып  
Көгілдір көктем жетсінші.

НҰҒМАНОВ НҰРЛЫҒАЙЫ

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы  
Серік Наурызбаев  
23.02.1968 – 07.12.2022 ж

Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» - дейді шарифат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген Серік досымыздан қапыда айрылды. Бір қанатымыз қайрылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын есіл дос жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?... Оның ғұмыр дариясы – мәңгілік ағысқа ауысты... Алаш баласының аз ғана алтындай ғұмыры, Қара Жердің үстінде 54 жыл ғана екенін кім біліпті? Өзіңнің пейілің мен тілегіңдей аппақ қар басқан ақпанда 55 жасқа толар едің... Өттең..! Жаның жаннатта болсын!

**Еске алушылар достарың Бақыт-Күлеш**

Бөрдешов Құттығай  
25.02.1960 – 07.07.2015 ж



Жадымыздан өшпес мәңгі, әкешім,  
Анаға жар, ал біздерге әкесің.  
Еске алып отырамыз өзіңді,  
Бәрі сені сағынуда, әке шын.  
Жаның толы, мейірімге бай едің,  
Еркеледім, жамандықты  
сезбедім  
Қос жұлдызың қыздарыңа  
әкетай  
Үлгі алар ер атына сай едің  
Кеткеніңде келмейтін боп  
енді еш,  
Не десем де әке сізге енді кеш  
Дұға етіп бағыштаймыз құранды  
Сағым болдың әке бізге  
тек елес  
Сен кеткенде жанарлар да  
жылап тым,  
Жігеріміз кетті сынып,  
сұлап мың.  
Жан әкешім, жаның болғай  
әрқашан,  
Ең ерекше, ақ төрінен  
жұмақтың.

**Еске алушылар: Апасы, жолдасы, қыздары Гүлхан, Айқын.**

Алмат Абылайұлына арнау  
01.05.1991 – 04.02.2023 ж



Жылы жүзді еді, жымып тұрған  
Ақылды еді, парасатты еді,  
Бар жақсылықты бойына жиған.  
Еңбекқор едің, ерте тұратын,  
Шапқылап жүрдің, тыным таппадың.  
«Алмат жездедей» - болсам  
екен деп...  
Өзіңді жастар үлгі тұтатын.  
Ер жігіт еді елім деп туған,  
Айналасына дос – жаран жиған.  
Екі бөлмелі үйде тұрса да,  
Есте қалардай қонақ сыйлаған.  
Жиналды тағы жекежат –  
жұрағат.  
Ортада жоқсың, қайдасың  
Алмат?  
Кеттің бе қимай, мандайға  
сыймай,  
Іздеп жүр сені ұлық папалап.  
Төрт жасар Айдын жан – жаққа  
қарап,  
Папам қайда деп? қояды сұрақ,  
Құшақтап тұрғам, абдырап  
қалдым.  
Ләм дей алмадым, таппадым  
жауап.  
Жатсың ба Алмат көрпенді  
қымтап,  
Тағдырың бізге болды ғой  
жұмбақ,  
Отырмыз саған құран  
бағыштап,  
Жыр жаздым саған он екі  
шумақ.  
Ел жұртың қалды еңіреп, жылап,  
Тіреусіз қалды бүгін шаңырақ.  
Қазаның арты қайырлы болсын,  
Мәңгілік есте қаларсың Алмат.

**Еске алушылар: Бауырлары.**

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ПО СОСТОЯНИЮ НА 1 ФЕВРАЛЯ 2023 ГОДА

**На жилье**  
За январь 2023 года на спецсчета казахстанцев, открытие в банках-уполномоченных операторах, для улучшения жилищных условий из ЕНПФ было переведено более 7,1 млрд тенге, пенсионных накоплений. Таким образом было исполнено 3061 заявleние вкладчиков (получателей). Средняя сумма единовременной пенсионной выплаты составила 2,3 млн тенге. Для сравнения, за январь 2022 года ЕНПФ было исполнено 50 060 заявлений на улучшение жилищных условий на общую сумму порядка 76,2 млрд тенге. Тогда средняя сумма изъятия составляла порядка 1,5 млн тенге. Всего за два года (с января 2021 года) по состоянию на 1 февраля 2023 года ЕНПФ исполнил 1 348 461 заявление. Сумма досрочных изъятий приближается к 3,2 трлн тенге. При этом средняя сумма, изъятая по одному заявлению, за период составляет порядка 2,4 млн тенге. На сайте [www.enprf.kz](http://www.enprf.kz) разделе «Показатели» каждый рабочий день обновляется информация о том, на какие цели казахстанцы использовали/планируют использовать единовременные пенсионные выплаты, в т.ч. в разделе регионов (подразделы «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий по целям» и «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий», соответственно). Чаще всего (35,7% от всех исполненных заявлений или 64,3% от перечисленных сумм) - это приобретение жилищав собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) и строительство индивидуального жилого дома (при наличии в собственности земельного участка). Порядка 21% заявлений (8,2% отперечисленных сумм)- на пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления. Примерно такое же количество (20,87%) заявлений - для использования вкладчиками (получателями) пенсионных накоплений по системе жилищных строительных

сбережений. На это было направлено около 13% перечисленных единовременных выплат. Около 20% заявлений (12 % единовременных выплат) исполнены в целях использования ипотечного жилищного займа – от первоначального взноса до рефинансирования и полного погашения. Обрацаем внимание, что приведена статистика по исполненным ЕНПФ заявлениям. На стороне уполномоченных операторов цели казахстанцев могут измениться либо средства вернуться на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков(получателей) в ЕНПФ. 462,7 млрд. тенге возвращено на ИПС от уполномоченных операторов в связи с тем, что единовременные пенсионные выплаты не были использованы в установленные законодательством сроки, по заявлению заявителя и иным причинам. Из них в январе 2023 года возвращено 2,27 млрд.

На лечение

С января 2021 года по состоянию на1 февраля 2023 года ЕНПФ исполнил 404 512 заявлений на лечение на общую сумму 322,2 млрд тенге. Средняя сумма изъятий на лечение за период составила порядка 0,8 млн. тенге. При этом в январе 2023 года было исполнено 2 537 заявлений на сумму 3,2 млрд. тенге. Средняя сумма изъятий на лечение в январе 2023 года составила порядка 1,3 млн. тенге. Вместе с тем, на ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ вернулось 32,5 млрд. тенге от уполномоченного оператора (АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»). Данные средства не были использованы в установленные законодательством сроки, по заявлению заявителя и иным причинам. Ознакомьтесь с актуальной статистикой по использованию пенсионных накоплений на лечение можно на сайте [www.enprf.kz](http://www.enprf.kz) разделе «Показатели» - «Единовременные пенсионные выплаты на лечение».

В частное управление

Управляющим инвестиционным портфелем (УИП) по состоянию на 1 февраля 2023года за весь период переведено 8,8 млрд. тен-

ге на основании 5 933 заявления. Общее количество уникальных заявителей составляет 3405 человек, что означает, что есть вкладчики, которые решили передать часть своих накоплений нескольким управляющим компаниям. Средняя сумма перевода составляет порядка 1,5 млн. тенге. При этом общий объем средств, находящихся под управлением УИП,с учетом инвестиционного дохода составляет порядка9,5 млрд тенге. По состоянию на 1 февраля 2023 года на рынке действуют пять УИП: АО «Jusaninvest», АО «BCCInvest», АО «СентрасСекьюритиз», АО «HalykGlobalMarkets», АО «HalykFinance». Ознакомьтесь с информацией о них и изучите их инвестиционные декларации можно на сайте [enprf.kz](http://enprf.kz) в разделе «Услуги» - «Реестр управляющих инвестиционным портфелем». Подробная статистика по передаче пенсионных накоплений в доверительное управление также доступна на сайте [enprf.kz](http://enprf.kz) в разделе «Показатели» - «Передача пенсионных накоплений управляющим компаниям». Напомним, что после первоначальной передачи пенсионных активов в доверительное управление УИП вкладчик имеет право чаще одного раза в год предоставлять заявление в ЕНПФ на передачу своих пенсионных накоплений в доверительное управление от одного УИП к другому УИП. 50 заявителей воспользовались этим правом: по 70 заявлениям ЕНПФ осуществил перевод из одного УИП в другой на общую сумму 176 млн. тенге. Напомним, что после получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП. Согласно Закону о пенсионном обеспечении, УИП имеют право на взимание комиссионного вознаграждения за инвестиционное

управление. Предельная величина вознаграждения УИП не может превышать 7,5% от полученного инвестиционного дохода. Фактическая величина комиссионного вознаграждения ежегодно утверждается органом управления УИП и может меняться не чаще одного раза в год. Актуальная информация о комиссионном вознаграждении УИП на 2023 год размещена на сайте [enprf.kz](http://enprf.kz) в разделе: «Услуги»-«Реестр управляющих инвестиционным портфелем. Также у вкладчиков есть право подать в ЕНПФ заявление на возврат пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении УИП, в доверительное управление Национальному Банку, но не ранее, чем через два года после первоначальной передачи пенсионных накоплений в доверительное управление УИП. Поскольку перевод пенсионных накоплений начался в феврале 2021 года, этот срок еще не истек. Пока по состоянию на 1 февраля 2023 года статистика ЕНПФ фиксирует авто возврат пенсионных накоплений из доверительного управления УИП в доверительное управление Национальному Банку Республики Казахстан на сумму 33 млн тенге. Причинами авто возврата являются достижение пенсионного возраста, смерть вкладчика, а также выезд на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан. В период нахождения пенсионных накоплений под управлением Национального Банка до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений в доверительное управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов, который рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке.

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»**



